



МУХРАПАЖ- ҚАЗАЛЫ



№99-100
(2164-2165)
Сенбі
25 қараша
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН БАСШЫСЫ «КӨЛАРЫҚ», «АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Көларық», «Арықбалық» ауылдық округінің халқымен кездесіп, талап-тілектерін тыңдады.

Ақтан батыр аулына барған аудан басшысы округте газ құрылысы басталатынын айтты. Сонымен қатар, Қазалы ауданының 95 жылдық мерейтойы аясында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар адамдарға 95 жылдықтың арнайы төсбелгісін табыс етті.

Жыл басынан бері ауданда атқарылған жұмыстар жайлы баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Ауылдық клубтың фойесінде өткен кездесу тұрғындардың ұсыныс-пікіріне ұласып, бірқатар мәселелер көтерілді.

Мұхтар Әуесұлы барлық айтылған жайлар назарда екенін жеткізіп, шешілу жолында тиісті жұмыстар жүретінін айтты.

Аудан әкімінің кезекті кездесуі «Арықбалық»

ауылдық округінде жалғасын тапты.

Тұрғындарды Қызылорда облысының 85 жылдығы және Қазалы ауданының 95 жылдығымен құттықтаған аудан басшысы алдағы жылы Жанқожа бабаның 250 жылдығына ауызбіршілік таныту қажеттігіне тоқталды.

– Өздеріңізге белгілі, алдымызда ауқымды шаруалар күтіп тұр. Соның бірі – батыр бабамыздың 250 жылдық мерейтойы. Бұған қатысты жоспарларымыз аз емес. Сондықтан сол сәтті бірге көруді жазсын.

Қазір округте ауқымды жұмыс жүріп жатыр. Ол – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының құрылысы.

Жыл басынан бері ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға өздеріңіз куә болып жүрсіздер. Оны әрбір кездесу сайын айтып жүрмін, – деген Мұхтар Әуесұлы

елді мекенге кіре берістегі жолмен ауыр жүк көліктері жүрмеуі қажеттігін ескертіп, аудандық полиция бөлімі қызметкерлеріне қатаң тапсырма жүктеді.

Жиында жұртшылық тарапынан ұсыныстар айтылды. Елді мекен шетіндегі бос жерді қоршап, сексеуіл отырғызу және полиция көлігі қажет екенін айтты.

Аудан әкімі қойылған сауалдарға жеке-жеке тоқталып, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді.

Жиын соңында ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан тұрғындарға Қазалы ауданының 95 жылдығына арналған төсбелгілер табысталды.

Айта кетейік, Мұхтар Әуесұлы кездесуден соң бірнеше ауыл тұрғынын жеке қабылдап, мұң-мұқтаждарына құлақ түрді. Сондай-ақ, қазіргі күні құрылысы қарқынды жүріп жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының жұмысымен танысып, бірінші кезекте сапаға мән беру керектігін ескертті.

ҮЗДІК САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

ҚР-ның Ұлттық валютасы – теңге күніне орай Мемлекеттік кірістер комитетінде 2022 жылдың қортындысымен "Үздік салық төлеуші" және "Сыртқы экономикалық қызметтің үздік қатысушысы" номинациялары бойынша жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті.

Барлығы 20 номинация белгіленген шарада экономиканың әртүрлі салаларында табысты жұмыс істейтін адал салық төлеушілер мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың жетістіктеріне, бизнесті адал, ашық жүргізіп



отырғанына мақтау айтылуында кәсіпкерліктің маңыздылығы

қозғалды.

«Салық салудың жалпыға бірдей белгіленген режимі – көлік және қоймалау» номинациясы бойынша 2022 жылдың қортындысымен «М.Т.Транс сервис-2010» ЖШС жеңімпаз атанды.

Облыстық мәслихаттың депутаты Ибайдулла Тілепке марапатты Қазақстан Республикасының құрметті азаматы, Астана қаласы әкімдігінің өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының директоры Бибикуль Такисова табыстады.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

10 ЖЕЛТОҚСАН – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

Қазалы қаласы әкіміне кандидат Орынбасаров Қайрақбай Жақсыбайұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Орынбасаров Қайрақбай Жақсыбайұлы Әйтеке би кенті әкімі ретіндегі өкілеттік мерзімімнің аяқталуына байланысты халықтың тікелей сайлауы арқылы ағымдағы жылдың 10 желтоқсанында өтетін сайлауға «AMANAT» партиясынан Қазалы қаласының әкіміне кандидат ретінде ұсынылып отырмын.

Осы ретте өз өмірбаяныммен алға қойған сайлауалды міндеттерді қысқаша айтып өтсем деймін.

Мен, 1972 жылы 23 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласында дүниеге келдім. Ұлтым

қазақ. Қазалы қаласындағы F. Мұратбаев атындағы №17 мектебіне 1980 жылы 1 сыныбына барып, 1990 жылы бітіріп шықтым. 1990 жылы Қазалы қаласындағы «Агросервис» мекемесінде жұмысшы болып жұмыс істедім. 1991 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Физика және информатика» факультетіне оқуға түсіп, 1997 жылы «Физика және информатика» пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірдім.

1997-2002 жылдары Қазалы қаласындағы F. Мұратбаев атындағы №17 қазақ орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі, 2002-2005 жылдары F. Мұратбаев атындағы №17 қазақ орта мектебінің денешынықтыру пәнінің мұғалімі, 2005-2006 жылдары аудандық білім беру және спорт бөлімінің маманы, бас маманы, 2006-2008 жылдары Абай аулындағы №90 қазақ орта мектебінің директоры, 2008-2013 жылдары Ақтан батыр аулындағы №190 қазақ орта мектебінің директоры, 2013 жылы «Арықбалық» ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы, «Арықбалық» ауылдық округінің әкімі, 2016-2019 жылдары Әйтеке би кенті әкімінің орынбасары, 2019-2020 жылдары Әйтеке би кенті әкімінің міндетін уақытша атқарушы, 2020 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Әйтеке би кентінің әкімі болып қызмет атқарып келемін. Жанұялымын.

Қазалы қаласы әкіміне кандидат Орынбасаров Қайрақбай Жақсыбайұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Құрметті сайлаушылар!

Мен сіздерге ұсынғалы отырған сайлауалды бағдарламамды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: Бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасын басшылыққа алу негізінде ұсынып отырмын.

Егжей-тегжейлі зерделенген, Қазалы қаласының дамуын ілгерілетуге және халықтың әлауқатын арттыруға бағытталған нақты шараларды толық қамтитын бес жылға жопарланған бағдарламам төмендегідей қалыптасты.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Сайлаушылардың сенімін иемденіп, Қазалы қаласының әкімі болған жағдайда, мынадай мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыс істейтін боламын:

1. Ең алдымен тұрғындардың денсаулығын жақсарту мақсатында медициналық қызметтің сапалы болуын қадағалап, үнемі бақылауда ұстаймын;

2. Қазалы қаласының көшелеріндегі электр желілерін және автомобиль жолдарын қайта жаңғырту жұмыстарының жүргізілуіне;

3. Тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешуге, ең алдымен зейнеткерлерге, мүгедектігі бар жандарға, көпбалалы аналар мен аз қамтылған

отбасыларына көмек көрсетілуіне;

4. Қазіргі таңда қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – жұмыссыздық мәселесі болып табылады. Осы жағдайды ескере отырып, жұмыссыз азаматтарға жұмыс кездерін қарастыруға, сол арқылы кәсіпкерлікті дамытып, шаруа қожалықтарын көбейтуге;

5. Тұрғындардың бұқаралық спортпен айналысуына жағдай жасауға;

6. Тұрғындардың бақша өнімдерін, көкөніс басқа да дақылдарды егу үшін жер алуына көмектесіп, кәсіппен айналысуына;

7. Партияның «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Халыққа көмек», «Кедергісіз келешек» жобаларына атсалысуға;

8. Жергілікті билік өкілдерімен бірлесе отырып, қала тұрғындарының әлеуметтік мәселелерін дер кезінде шешуге ықпал етемін.

Құрметті жерлестер!

Өзім ұсынылып отырған «AMANAT» партиясының алға қойған мақсаттарының бірі - халықтың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады. Менің де мақсатым сайлаушылардың сенімін ақтап, Қазалы қаласының көркеюі мен дамуына үлес қосу, халықтың әлауқатын арттыруға атсалысу.

Осы ретте Сіздерден алдағы сайлауға біркісідей қатысуларыңызды және өз таңдауларыңызды жасауға шақырамын!

Қазалы қаласы әкіміне кандидат Аймағамбет Нұрдәулет Қалмұрзаұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Аймағамбет Нұрдәулет Қалмұрзаұлы 1980 жылы 25-мамырда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жаңақазалы қыстағында (қазіргі Әйтеке би кенті) дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын. 1986 жылы Ж.Жабаев атындағы №234 мектептің табалдырығын аттадым. 1996 жылы №170 мектепте 11 сыныпты бітіріп, сол жылы Қызылорда аграрлы-техникалық колледжіне оқуға түсіп, 1998 жылы аяқтадым. Сол жылы

Қазақстандық экономика және құқық институтында оқуымды жалғастырып, 2000 жылы «Экономист» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. 2001 жылы 1 ақпанда Қазалы аудандық «Мемлекеттік қазыналық алым жинау» кәсіпорнына алым жинаушы маман болып жұмысқа қабылдандым. 2001-2013 жылдары осы мекемеде есепші, бас есепші, жетекші маман, бас маман, сектор меңгерушісі, директордың орынбасары қызметтерін атқардым. 2013 жылдың ақпан айынан наурыз айы аралығында «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімінің инспекторы, 2013 жылдың мамыр айынан бастап «Қазалы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінде маман, 2014 жылы 23 мамырдан бастап «Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің фискалдық саясат және бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі болып қызмет атқарамын.

Қазалы қаласы әкіміне кандидат Аймағамбет Нұрдәулет Қалмұрзаұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Құрметті сайлаушылар!

Қасиетті Қазалы қаласының өсіп-өркендеуіне өз үлесімді қосып, ел-халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы жолында төмендегі бағыттар бойынша жұмыс істеуді жоспарлаудамын:

1. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуына;

2. Жастар бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың атқаратын игі істеріне жағдай жасауға;

3. Сайлаушылардың ұсыныстары мен пікірлерін тиісті орындарға өз деңгейінде жеткізіп, оңтайлы шешім табуына жұмыс істеуге;

4. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорт алаңдарының көптеп салынуына;

5. Жас отбасылардың тұрғын үй алуына арналған мемлекеттік бағдарламаларды

жетілдіруге атсалысуға;

6. Қазалы қаласы көшелерінің автомобиль жолдарын қайта жаңғыртуға;

7. Көпбалалы отбасылар мен жастарға арналған гранттар, жеңілдетілген несиелерді алып беруге сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуге;

8. Көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын әрі қарай жандандыруға бар күшімді саламын.

Осы орайда жоғарыдағы бағдарламада жоспарланып, көрсетілген жұмыстардың барлығы, яғни, Қазалы қаласы тұрғындарының тұрмысын жақсартуға бағытталған шаралар міндетті түрде орындалады деп сенім білдіремін және бар күш-жігерімді саламын.

Қымбатты жерлестер! Баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, алдағы сайлау науқанына белсене қатысуға шақырамын.

Еліміз өркендей берсін!

Қазалы қаласы әкіміне кандидат Дайрабаев Сакен Жарылкасыновичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Дайрабаев Сакен Жарылкасынович 1983 жылы 1 наурызда Жамбыл облысы, Меркі ауданында дүниеге келдім. Ұлым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

Тұрғылықты мекен жайым: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, С.Байтілеуов көшесі, №30 үй.

1989 жылы Сырдария ауданы, Тереңөзек кентіндегі И.Тоқтыбаев атындағы №35

орта мектептің 1 сыныбына қабылданып, 1999 жылы бітірдім. 1999 жылы Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2003 жылы «экономист-қаржыгер» мамандығы бойынша бітірдім.

2003-2008 жылдары Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде «Углесбыт» ЖШС-де экономист, 2008 жылы «Арықбалық» ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маманның міндетін уақытша атқарушы (арнайы тексеру қортындысы келгенге дейін), 2008-2009 жылдары «Арықбалық» ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман, 2009-2017 жылдары Қазалы аудандық қаржы бөлімінде бас маман, 2017-2018 жылдары Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімінде жетекші маман, 2018-2021 жылдары Қазалы ауданының қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі, 2021 жылдан осы кезге дейін «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құжаттамалық қамтамасыз ету және құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы қызметін атқарып келемін.

Қазалы қаласы әкіміне кандидат Дайрабаев Сакен Жарылкасыновичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Құрметті сайлаушылар!

Мемлекеттің дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына өз үлесімді қосуды ел алдындағы азаматтық парызым деп есептеймін. Сенімдеріңізді ақтап, барлық күш жігерімді халық игілігі үшін жұмсауға уәде беремін. Әрбір сайлаушының көкейкесті мәселесі, мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстап, тиісті орындар арқылы шешімін табуын қамтамасыз етуді басты ұстанымым ретінде қоя отырып, өз сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

1. Білім орындарының әл-ауқаты мен тұрмыс тіршілігі жоғары деңгейде болуын басты назарда ұстауға;

2. Шағын және орта бизнестің одан әрі дамуына, ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыстарды жандандыруға;

3. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында шаруаларға қолдау көрсетіп, ұзақ мерзімге берілетін қол жетімді несиелерді алу жолдарын қарастыруға;

4. Көшелерді жарықтандыру, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын іске асыру;

5. Жұмыссыздық мәселесін

шешу бойынша тиісті орындармен бірлесе жұмыс істеуге;

6. Қазалы қаласының инфрақұрылымындағы жұмыстар тиімді жақсартуға және ауыз су жүйелері туралы ұсыныстарды тиісті орындарға жеткізіп, құрылыстардың сапалы жүргізілуіне ықпал етуге;

7. Жастар ісін қолдауға, өнер және спортқа ден қойған жастардың жетістіктерге қол жеткізілуіне ықпал етуге;

8. Қазалы қаласының өсіп-өркендеуі бағытындағы жұмыстарды жүргізуге күш салатын боламын.

9. Қазалы қаласынан заманауи спорт кешенін салуға атсалысамын;

10. Қазалы қаласы аумағының жайылымдық жерлерін кеңейтуге жұмыс істеймін.

Құрметті сайлаушылар! Сіздердің қолдауларыңызға ие болып жатсам, жоғарыда атап өткен бағыттар бойынша жұмыс істеуге әзірмін. Сонымен қатар, талап – тілектеріңізді, мұң – мұқтаждарыңызды ескере отырып, халық таңдаған әкім ретінде осы игі істерді жүзеге асыруға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

10 ЖЕЛТОҚСАН – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Қожахмет Алпысбай Балғабайұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Қожахмет Алпысбай Балғабайұлы 1983 жылы 1 қарашада Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық кеңесінде дүниеге келдім. Ұлым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

Тұрғылықты мекен жайым: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Т.Әубәкіров көшесі, №114 Б үй.

1990 жылы Қазалы ауданы, Қожабақы аулындағы №25 орта мектептің 1 сыныбына қабылданып, осы мектепті 2001

жылы бітірдім.

2001 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне «Ауыл шаруашылығы өнімдерін стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2006 жылы бітірдім.

2010 жылы «Болашақ» университетіне «қаржы» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2012 жылы бітірдім.

2007 жылдың наурыз айында Қызылорда әскерилендірілген теміржол күзеті мекемесінде күзетші болып жұмысқа қабылдандым. 2008 жылы желтоқсан айында басқа

жұмысқа ауысуыма байланысты жұмыстан босадым. 2009-2011 жылдары Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінде шебер болып қызмет атқардым. 2011-2016 жылдары Қазалы орман тұқымбағында тұқымбақ шебері болып, 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап «Сарыкөл» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет атқарамын. Әскерде болмағанмын.

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Қожахмет Алпысбай Балғабайұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР

Президентінің халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған бағдарламаларын басшылыққа алып Әйтеке кентінің әкімі сайлауына түсіп, азаматтық позициямды білдіргім келеді.

Әйтеке би кентінің әкімі болып сайланған жағдайда төмендегі жұмыстарды атқаратын боламын.

1. Кенттің көркеюіне, көгалдануына бар күш-жігерімді жұмсаймын;

2. Кенттегі ең өзекті мәселе-көшелердегі аяқ су мәселесін түбегейлі шешуді қолға аламын;

3. Әйтеке би кентіндегі көшелерді жарықтандыруға, тозығы жеткен электр бағаналары мен қосалқы трансформаторлық стансаларын ауыстыруға қаржы бөлдіремін;

4. Кенттегі «Ақарық» каналының бойынан автокөлік өтетін екі көпір салуға, сол арқылы қала мен кент аралығындағы көлік кептелісін шешуге күш саламын;

5. Қазалы темір жол вокзалы аумағын

қайта абаттандырып, заманауи жарықшамдарымен қамтамасыз етілуін қолға аламын;

6. Әйтеке би кенті аумағының жайылымдық жерін кеңейтуге жұмыс істеймін;

7. Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы аралығындағы төрт жолақты жолдың аяқталуына ықпал етіп, пайдалануға беруге жұмыс істеймін;

8. Кент тұрғындарының бау бақшамен айналысуына жағдай жасаймын. Ол үшін бақшалық жер белгілеп, жерді өңдеуге техника бөлемін;

9. Кент тұрғындарының тұрғын үй салуға жер телімін кезектілікпен алуына жәрдемдесемін;

10. Әйтеке би кентінен заманауи спорт кешенін салуға қаржы бөлемін;

11. Әйтеке би кентін толықтай орталықтандырылған кәріз жүйесіне (канализация) қосылуына ықпал етемін;

12. Кенттегі парктер мен скверлерге күрделі жөндеу жүргізіп, тұрғындар демалатын орынға айналдыруға жұмыс істейтін боламын.

10 ЖЕЛТОҚСАН – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Әбсұлтанов Мұрат Байғабылұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Әбсұлтанов Мұрат Байғабылұлы 1986 жылы 6 қарашада Қазалы ауданында дүниеге келдім.

1993-2004 жылдары Әйтеке би кентіндегі Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебінде білім алдым.

2004 - 2008 жылдары Алматы қаласындағы М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясында «Көлік» мамандығы бойынша жоғары білім алып шықтым.

Алғашқы еңбек жолым 2009-2013 жылдары Әйтеке би кентіндегі «Көлік-техникалық жоғары колледжінде» арнаулы пән оқытушысы қызметімен басталды.

2013-2019 жылдары Қазалы аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолда-

тағайындалдым.

2019 жылдың қараша айынан бастап бүгінгі күнге дейін Қазалы ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеп отырмын. Ендігі кезекте «AMANAT» партиясынан ұсынылған ретінде Әйтеке би кенті әкімінің сайлауына түсіп, кенттің одан әрі өркендеуі, гүлденуі үшін қолымнан келгенше бар күш жігерімді салып, өзекті мәселелердің оңтайлы шешім табуына жұмыс атқарамын деймін. Ол үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз қажет!

Ендігі кезекте «AMANAT» партиясынан ұсынылған ретінде Әйтеке би кенті әкімінің сайлауына түсіп, кенттің одан әрі өркендеуі, гүлденуі үшін қолымнан келгенше бар күш жігерімді салып, өзекті мәселелердің оңтайлы шешім табуына жұмыс атқарамын деймін. Ол үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз қажет!

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Әбсұлтанов Мұрат Байғабылұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Құрметті Әйтеке би кентінің сайлаушылары!

Алдағы уақытта Әйтеке би кентінің әкімі болып сайланған жағдайда атқаратын жұмыстарымды, яғни төмендегідей сайлауалды бағдарламамды әзірлеп, Сіздерге ұсынып отырмын.

-Халықтың өмір сүру сапасын арттыру және тұрғындардың кент әкімдігі тарапынан көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;

-Әйтеке би кентінің көше жол желілерін қайта жаңғырту, тозығы жеткен электр желілерін толықтай жаңарту, жаяу жүргіншілер жолы мен жарықтандыру мәселелерін түбегейлі шешу;

-Әйтеке би кентінің жаңадан пайдалануға берілген тұрғын аймақтарын, көп қабатты үйлер орналасқан мөлтек аудандарды кәріз желісіне қосу үшін кәріз жүйесін кеңейту және қолданыстағы желілерді қайта жаңғыртып, пайдалануға беру;

би кентінің 5 кварталдағы тұрғындарының саны бүгінгі күнге 17 мың адамнан асып барады. 5 квартал мен кент орталығы арасында темір жолы болғандықтан, тұрғындарының қатынауы жыл өткен сайын қиындық тудыруда. Сондықтан бірінші кезекте Әйтеке би кентінің шығыс беткейіндегі темір жолға аспалы көпір немесе жер асты өткелін салу;

-Әйтеке би кенті көшелерінің таза әрі жасыл желекке бөленуіне бар күш жігерімді жұмсап, көшелерге аяқсу жеткізілуін қамтамасыз ету;

-Әйтеке би кентінің бау-бақша егумен айналысатын

тұрғындарын қажетті жер телімдерімен қамтамасыз ету;

-Мал ауруларының алдын-алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру және кент аумағындағы иесіз бұралқы ит, мысықтарды жоюға жұмыс істеу;

-Кәсіпкерлікті дамыту, жұмыссыздықты азайту, оның ішінде жастардың мемлекеттік гранттар алу арқылы, өз кәсібін ашуға, тиісті мекемелермен бірлесе отырып, кәсіпкерлік негізіне оқытуға ықпал етемін;

-Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде, мемлекеттік грант негізінде, Халықаралық қорлар, бизнес-құрылым және тағы басқа қаржы көзін тарта отырып, әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға жұмыс істеймін;

-Тұрғындарды спортпен айналысуға, салауатты өмір сүруге бағыт бағдар беріп, жаңа спорттық кешендерінің бой көтеруіне, түрлі спорттық іс-шаралардың өткізілуіне және бұқаралық спортты дамытуға, сондай-ақ, олимпиадалық бағдарламаға енгізілген спорт түрлерімен айналысушы жастарға қолдау көрсетемін;

-Жастардың өнерге, түрлі үйірмелерге қызығушылығын арттыру бағытында жұмыс істеуге, сонымен қатар талантты жастарымызды қолдауға, заманауи түрлі үйірмелердің, спорттық секциялардың жандануын қолға аламын;

-Кент аумағындағы құқық бұзушылықтың және түрлі қылмыстық іс әрекеттің алдын алу мақсатында көшелер мен аулалар және халық көп шоғырланатын аймақтарға бейне бақылау

орнататын боламын;

-Тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік нысандар, балабақшалар мен мектеп жолдарына жол кедергілерін орнатып, жол белгілерінің санын арттыру;

-Әр түрлі санаттағы тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету және тиісті бағдарламалар аясында баспанамен қамтылуына ықпал жасаймын;

-«AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасына сәйкес Әйтеке би кентіндегі кәсіп ашамын деген азаматтардың, шаруа қожалықтарының, ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтерінің жеңілдетілген несие алуына тиісті орындар арқылы жәрдемдесемін;

-Әйтеке би кентінің қоғамдық-саяси ахуалын тұрақты ұстап, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды басты назарда ұстауға;

-Әйтеке би кентіндегі жер кезегінде тұрған тұрғындарға 600 гектар жер учаскесінен салынатын тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге барлық күш жігерімді саламын.

Құрметті ағайын! Қымбатты Әйтеке би кентінің тұрғындары!

Жоғарыда айтылған бағдарлама менің жоспарлаған істерімнің бастамасы ғана. Сіздер мені қолдап дауыс берер болсаңыздар, сенімдеріңізден шығып, жұмыс істеуге әзірмін.

Сіздерді Әйтеке би кентін көркейтуге бірлесіп атсалысуға және 10 желтоқсан күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Мдуар Бахытбек Алтынбекұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мдуар Бахытбек Алтынбекұлы 1990 жылы 7 желтоқсанда Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде дүниеге келген. Білімі жоғары. 2012 жылы Қорқыт-ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «құқықтану» мамандығы бойынша

бітірген. 2012 - 2013 жылдары Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында отан алдындағы әскери борышын өтеген. Еңбек жолын 2013 жылы «Азия-Связной» ЖШС-де сатушы-кассир болып бастаған.

2014 - 2018 жылдары «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» КММ-де салықшы маман, әдіскер қызметін атқарған.

2019 - 2023 жылдары «Басықара ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де бас маманы міндетін уақытша

атқарушы, бас маманы қызметін атқарған. 2023 жылдың маусым айынан бүгінгі күнге дейін Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарып келеді. Отбасылы. Үш баланың әкесі.

10 ЖЕЛТОҚСАН – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Мдуар Бахытбек Алтынбекұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің әкімі болу – кент халқымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақты орнығуына, халықтың ұсыныс-пікірлерінің орындалуына, кентті көркейтуге адал қызмет ету. Сондықтан, бірінші кезекте төмендегі жұмыстарды қолға аламын:

Әйтеке би кентіндегі қоғамдық-саяси ахуалдың жайлы болуы, тұрғындардың кез келген мәселеде ауызбіршілік та-

нытуы аса маңызды. Сондықтан, мемлекеттік бағдарламалардың кент төңірегінде іске асыру бағытындағы ортақ іске көпшілікті ұйыстырып, жұмыс істеймін;

Халықтың бау-бақша егуіне және көшелерді көгалдандыру мақсатында аяқ су арықтарын қайта жаңғыртып, өзекті болған мәселенің оң шешімін табу үшін жұмыстар жүргіземін;

Тұрмысы төмен отбасылардың, көп балалы аналардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың, жалғызбасты кісілердің жағдайларын бір сәт

назардан тыс қалдырмаймын. Жабырқағанның жанынан табылу – азаматтық парызым деп білемін;

Кезең-кезеңімен кентішілік көшелерді ретке келтіріп, жөндеу жұмыстарын жүргізуді тиісті мемлекеттік мекемелермен бірлесіп жүргіземін;

Кент көшелеріндегі тозығы жеткен электр желілерін ауыстыру және қосалқы стансаларын (подстанция) жаңарту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл жұмыстардың да атқарылуына күшімді саламын;

Көшелерді түнгі жарық шамдармен қамтамасыз етуді және ескірген электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына қаржы бөлдіруге жұмыс істейтін боламын;

Қоғамдық тәртіптің сақталуына, кент жастарының тәрбиесі бойынша жүйелі жұмыстар жүргіземін;

«Ойласып пішкен тон келте болмас» дегендей мені Әйтеке би кентінің әкімі етіп сайлайтын болсаңыздар, сіздермен әрбір жұмысты ақылдаса, кеңесе жүзеге асыратын боламын.

10 ЖЕЛТОҚСАН – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «МАЙЛЫБАС» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Майлыбас» ауылдық округі әкіміне кандидат Әбілхан Алмат Аманқосұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Әбілхан Алмат Аманқосұлы Қазалы қаласы, Қызылорда облысында 4 қаңтар 1967 жылы дүниеге келдім. Ұлтым қазақ, Қазақстан Республикасының азаматымын. 1974 жылы Қазалы қаласындағы М.Горький атындағы №16 орта мектептің 1 сыныбына қабылданып, 1984 жылы орта мектепті бітірдім.

Еңбек жолымды 1984 жылы Алматы облысы, Шелек ауданы, КПСС-XXV съезі атындағы совхозда санитарлық ветеринар болып бастадым. 1985 жылдың қазан айында Қазалы аудандық қорғаныс бөлімінің шақыртуымен Отан алдындағы борышымды Моңғол Халық Республикасы Арвай Хэр өлкесінде 1987 жылы өтеп, елге оралдым. 1988 жылы ақпан айында Қазалы ауданы, КПСС XXII съезі атындағы совхозда жұмысшы болып еңбек еттім. Сол жылы Алматы зоотехникалық –малдәрігерлік институтына оқуға қабылданып, 1993 жылы аталған оқу орнын үздік бітіріп, «зооинженер» мамандығын алдым. 2002-2004 жылдары еңбектен қол үзбей

жүріп Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жергілікті және мемлекеттік басқарудағы менеджер мамандығын алдым.

1993 жылдың шілде айынан Қазалы қаласындағы № 8 училищеге ауыл шаруашылығы пәндерінен оқытушы болып қабылданып, 1994 жылы училище директорының орынбасары қызметін атқардым.

1999 жылдың ақпан айында Жаңақазалы поселкесі әкімшілігінің іс-жүргізушісі, поселке әкімінің орынбасары міндетін уақытша атқарушы, тамыз айында әкімнің орынбасары. 2002 жылы кент әкімі жанындағы көркейту-көгалдандыру МҚК бастығы. 2002 жылдың шілде айынан кент әкімінің орынбасары қызметін 2004 жылға дейін атқардым. Ал, 2005 жылы қыркүйекте «Шәкен» ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман. 2006 жылдың мамыр айынан Мұратбаев ауылдық округінің әкімі. 2008 жылы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі бастығының орынбасары, сол жылдың қараша айынан Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің бас инспекторы. 2010 жылдың сәуір айында Қазалы қаласы әкімінің орынбасары. 2013 жылы «Қарашеңгел» ауылдық округінің әкімі. 2017 жылы Қазалы қаласы әкімі аппаратының бас маманы, қала әкімінің орынбасары. 2020 жылдың қаңтар айынан «Майлыбас» ауылдық округі әкімі болып осы кезге дейін қызмет атқарудамын.

«Майлыбас» ауылдық округі әкіміне кандидат Әбілхан Алмат Аманқосұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Ауыл тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз етуге ықпал жасауға және басты назарда ұстауға бар күш жігерімді жұмсаймын.

Ауылға инвесторларды тарта отырып, жаңадан газ жүргізуге жоба-сметалық құжаттарын жасатып, Ғ.Мұратбаев, Ә.Есмамбетов, А.Өмірзақов көшелеріндегі электр бағаналарын қайта жаңарту және түнгі жарық шамдармен қамтамасыз ету;

Байқожа станциясының тұрғындарының ұсынысына байланысты электр желілерін заманауи талапқа сәйкес жүргізу жұмыстарын аяқтау;

Ауылға аяқ су жеткізу үшін электр су айдау қондырғысын орнату жұмыстарын атқарамын;

Ауыл тұрғындары арасындағы өзекті мәселе-жұмыссыздықтың санын азайтуға. Бұл ретте:

«Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарының 2,5 пайыздық несиені алуға мүмкіндік жасауға;

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, көпбалалы отбасылар мен жастарға арналған гранттар, несиелерді алып беруге сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуге;

«Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту, көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға;

«AMANAT» партиясының «Халыққа көмек», «Бақытты отбасы» партиялық жобалары аясында ауыл тұрғындарына әлеуметтік

көмек көрсету жұмыстарын қадағалауға, аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстауға, мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыруға;

Мал ауруларының алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру, оның ішінде кенеге қарсы шараларды өткізуге;

«Ақсуат» аулының мал қорымының құрылыс жұмыстарын жүргізуді қолға аламын;

Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жастармен үнемі жұмыс жүргізу және отансүйгіштікке тәрбиелеу, округ көлемінде жастар саясатын жүйелі түрде жүргізу;

Ауылдағы тәртіп мәселесін жолға қою, мал ұрлығы, ұсақ-түйек құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу үшін ішкі істер органдарымен бірлескен жұмыстарды қолға алу;

Учаскелік инспектормен, ауылдағы мекеме қызметкерлерімен бірлесіп, тазалық жұмыстарын жандандыру, ауыл ажарын ашатын жасыл желекті көбейту; Ауылдағы мәселелерді шешу үшін әрине қаржы керек, ауыл бюджетінің көлемі де өздеріңізге белгілі. Осы орайда, ауылға түсетін салықтық түсімдерді көбейтуге жұмыс істеймін;

«Майлыбас» ауылдық округі әкіміне кандидат Ерімбетов Талант Болатұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Ерімбетов Талант Болатұлы 1992 жылы 1 сәуірде Қазалы қаласында дүниеге келдім. Білімім жоғары, отбасылымын.

1999-2010 жылдары Қазалы қаласындағы М.Горький атындағы №16 мектепте орта білім алдым.

2010-2014 жылдары Астана қаласындағы «Тұран-Астана» университетін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім.

2015-2017 жылдары Әйтеке би кентіндегі «Қазалы несие кредиттік серіктестігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің заңгері болып қызмет атқардым.

2017-2020 жылдары Қазалы қаласы әкімі аппаратының жетекші маманы, 2020 жылдың маусым айынан бастап Қазалы қаласы әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келемін.

Әр жылдары аудан, облыс әкімдерінің марапаттарымен, облыстық әділет департаменті бастығының алғыстарымен марапатталдым.

«Майлыбас» ауылдық округі әкіміне кандидат Ерімбетов Талант Болатұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мені ауылдық округ әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда: Ауыл тұрғындарына аудан орталығына қатынайтын қажетті қоғамдық көліктерді жүйелі түрде қатынату, көпір, жол мәселелерін ретке келтіру үшін жұмыс істеу;

Көшелерді жарықтандыру, абаттандыру;

Ауылдағы тәртіп мәселесін жолға қою, мал ұрлығы, ұсақ-түйек құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу үшін ішкі істер органдарымен бірлескен жұмыстарды қолға алу;

Учаскелік инспектормен, ауылдағы мекеме қызметкерлерімен бірлесіп тазалық жұмыстарын жандандыру, ауыл ажарын ашатын жасыл желекті көбейту;

Мемлекеттік бағдарламалар аясында кешенді жұмыстар істеу;

Округ көлемінде жұмыссыздық деңгейін азайту, кіші кәсіпкерлікті дамыту;

Халықтың әлеуметтік тұрмыстық тіршілігін жақсарту бағытында

түрлі басымдықтардың, атаулы әлеуметтік көмек және қоғамдық, тұрақты жұмысқа тарту ең алдымен азаматтардың отбасылардың пайдасына шешілуін басты назарда ұстау;

Ауылдық округ көлеміндегі барлық малдарды бірдейлендіру жұмыстарын жүргізу, малдардың түрлі жұқпалы ауруларын болдырмаудың алдын алу;

Бұқаралақ спортты насихаттау, жас спортшыларға көмектесу, демалыс орындарын салу;

Білім саласындағы елеулі мәселелерді оңтайлы шешу;

Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыруды ұйымдастыру;

Жастардың басқа ағымдарға кіріп кетпеуіне жол бермеу мақсатында жұмыстар жүргізу, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, олардың қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытуға, округ көлемінде жастар саясатын жүйелі түрде жүргізу, жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мен олардың демалысын өз деңгейінде өткізуге ықпал етуге жұмыс істеймін.

«Майлыбас» ауылдық округі әкіміне кандидат Достыбаев Мейірбек Жарасұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Достыбаев Мейірбек Жарасұлы 1990 жылы 21 мамырда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бекарыстан би аулында дүниеге келдім. Ұлым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын. 1996 жылы Ү.Түктібаев атындағы №24 қазақ орта мектебінің табалдырығын аттадым. 2007 жылы 11 сыныпты бітіріп, сол

жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне оқуға түстім. 2011 жылы бакалаврды «Жерге орналастыру» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. 2011-2012 жылдары «Қазалы-Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жастар тәжірбиесін жүргізуге уақытша жұмысқа қабылдандым.

2012 жылы Ақтөбе теміржол күзет мекемесінде күзетші болып жұмыс істедім. 2012-2014 жылдары «Болашақ» университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. 2013 жылдың 24 мамырында Қазалы ауданының жер қатынастары бөліміне жерге орналастырушы –

маман болып жұмысқа қабылдандым. Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Желтоқсан көшесі №58 «А» үйдің 8-ші пәтерінің тұрғынымын. Отбасылық жағдайым – үйленгенмін. 2015 жылы 6 сәуірде Избасханова Аксамал Ганиевнамен некеге тұрғанмын. 2 ұл, 2 қызымыз бар.

Әйелім Избасханова Аксамал Ганиевна 1989 жылы 14 ші сәуірде Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Үрмөш Түктібаев аулында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын. Әйтеке би кентіндегі №234 орта мектептің шағын орталығында психолог болып қызмет атқарады.

«Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» КММ-де құжаттамалық қамтамасыз ету және құқықтық жұмыстар бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарамын.

«Майлыбас» ауылдық округі әкіміне кандидат Достыбаев Мейірбек Жарасұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президентінің мақсатында елді мекендерге жоспар жасап, атқарылуын бақылаймын;

5. «Ақсуат» аулынан спорт кешенін салуға ықпал етемін;

6. Жастардың жұмыспен қамтылуын қадағалайтын боламын;

7. «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жастардың 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие алуына ықпал етемін;

8. Ауыл тұрғындарының мал жайылымы жерін дәрія жиегіне қарай ыңғайластырып, жағдай жасаймын;

9. Округке қарасты елді мекендерді аяқ сумен қамтамасыз етуге жұмыс істеймін;

10. Округ елді мекендерінде жасанды спорт алаңдарын салып, балалардың спортпен шұғылданыуына жағдай жасаймын.

Ауылдық округке әкім болып сайланған жағдайда бірінші кезекте атқаратын жұмыстарым;

1. «Ақсуат» аулына газ желісін кіргізуге жұмыс істеймін;

2. Ауылға таза ауыз су кіргізуге ықпал етемін;

3. «Ақсуат», «Майлыбас» елді мекендерінде жол салу, түнгі жарықпен қамтамасыз етуді қолға аламын;

4. Көркейтуді, көгалдандыру

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты. E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru Таралымы 11097 дана.